

**КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ КҮРДЕЛІ  
ГРАФЕМАЛАРДЫҢ ОҚЫЛУЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАЛҒАН  
ТЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР**  
THE NEW LANGUAGE AND HISTORICAL DATA REVEALED IN  
CONNECTION WITH READING OF DIFFICULT GRAPHEMES IN  
A WRITTEN MONUMENT KUL-TEGIN

О. Д. БЕКЖАН\*

**Түйіндемe**

Орқұн жазба ескерткіштеріндегі жай графемамен жазылған мәтіндер В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов секілді түркітанушы ғалымдардың оқуы арқылы дүние жүзіне мәлім болғаны белгілі. Ал осы жазбалардағы белгісіз күрделі графема арқылы жазылған мәліметтер шет ел түркітанушыларына әлі жеткен жоқ. Мақалада Күлтегін жазба ескерткішінде күрделі графемалар арқылы жазылып қалған тың мәліметтер сөз болады.

**Кілт сөздер:** Күлтегін, күрделі графема, жазба ескерткіш, таңба, көне түркі жазуы.

**Summary**

The texts written by simple graphemes of the Orkhon written monument were world renowned thanks to readings of such scientific turcologists as V. Tomsen, V. V. Radlov, P. M. Melioransky, S.E. Malov. And data which have been written by difficult graphemes became inaccessible to foreign turcologists as these written monuments aren't translated to foreign languages. In article it is told about the new data written by difficult graphemes in a written monument to Kul-Tegin.

**Keywords:** Kul-Tegin, difficult grapheme, written monument, sign, letter of ancient Turkic peoples.

Күлтегін ескерткішінің текстологиялық және лексикографиялық зерттелуі атты тарау 2005 жылы жарияланған «Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері» (Түркістан, 2005) атты монографияда жарияланған болатын. Содан бері КТКЖЕ (көне түркі күлбізیک жазба ескерткіштері) бойынша зерттеулер арқылы көптеген жаңалықтар ашылды. Әсіресе, КТКЖЕ-нде күрделі графемалардың мол қолданылуы арқылы аз орынға мол мәлімет сыйғызу тәсілі

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан- Қазақстан. Candidate of philology sciences, senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology. International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkistan-Kazakhstan. e-mail: bekor53@mail.ru





Мағынасы кейін ашылған таңбаның бірі кірігіңкі **ДЖ** дауыссыздары екені мәлім. Бұл таңба арқылы бұрын *Бумын* болып оқылған Көктүрік қағанатын құрған қағанның есімі **Боджман** болып оқылатыны ашылды. Боджман қағанның Алпамыс батыр екені де тыңғылықты зерттеулер нәтижесінде дәлелденді. Бұған қосымша және нақты дерек болып қосылған дәлел Күлтегін ескерткішінде жазылып қалған Алпамыс батырдың жары Гүлбаршын ананың да есімін, оның жерленген мекенін айтуға болады. Ескерткіштің өзінде Білге қаған Боджман қағанды ата-бабамыз деп көрсетсе, Гүлбаршынды анамыз деп нақты атайды.

Ежелгі құнқтардың ата-мекеніндегі *Хуанхэ* өзенінің атауы түркілік **Қуанқ** (ақ, сары, қуан) сөзінен алынғаны, *хэ* (өзен) сөзінің де түркіше **-ақ, -ек** (/қа, ке) гидроформантынан туғаны жайында болжам-пікір айтқан едік, енді күрделі графема арқылы сол өзеннің **Сарығ өзен** болып аталғаны да ашылып отыр. Бұрын *Яшил* болып қате оқылды. Сондай-ақ ол өзенді **айаш** деп құрметтей жазады, хұндарды алғаш рет түркі тілінде **Қонқ елі** деп нақты атауы да оқылып ашылды. Ескерткіште қате оқылып, даулы тақырыпқа айналған *алты чоб соғд* (КТү 31) деген тіркестің де күрделі графема арқылы жазылғаны анықталды. Жазудың дерегіне қарағанда ескерткіште сол тіркестің орнында **алты асыз арыс алчұнқ табы, сарт, соғұд, Қоқанқ, Бұқар, сарығ ноғад, дақ** деген көптеген түркілік тайпалар мен *сарт* тәрізді қазір де солай аталатын иран тектес қауым және қалалар атауынан тұратын үлкен тізбекті тіркес болып шықты. Бұрын оқылмаған **Қоқанқ, Самұрқант, сарт** және көне грек жазбаларында жазылып қалған **массоғұд, дақ** тәріздес тайпа есімдері де оқылды. *Дақ*, әрине, қазіргі кіші жүз тайпасы Адайдың көне нұсқасы екені шүбәсіз.

*Соғұд* тайпасының аты – бұрын да оқылған атау. Бұған қосымша иран тектес екені белгілі *сарт* атауы оқылды. Оның жеке ел емес, түркі тайпаларының арасында егіншілікпен айналысып келген қауым екені мәлім. Бұл қауым ХХ ғасырдың 20- сыншы жылдарына шейін осылай айтылып келді де, кейін **өзбек** атауын қабылдағаны аян. Өйткені бұларға көшпелі өзбек аталып келген түркілік тайпалар қосылып, бір этносқа бірігіп қалған болатын. Ескерткіштен оқылған үлкен жаңалықтың бірі **Сарығ ноғад** атты ежелгі түркілік тайпа атауы дүниеге жол тартты. Ноғай хандығының, Ноғайлы елінің қайдан шыққандығы жөніндегі даудың шешімі де осы атаудан табылатыны да айқын секілді.

Бұрын **Берчекер** болып оқылып келген сөздің не елді мекен екені, не ру-тайпа екені беймәлім болып келді. Қазір бұл сөз екіге бөлініп, бірінші бөлігі кіші жүздің **Беріш** тайпасы екені белгілі болса, екінші бөлігі **Керджөр** болып оқылды. Оның қазіргі **Кердері** тайпасы екенінде күмән жоқ. Көне дәуірде ол атау *керчөр~ керджөр* болып атала келе, кердеріге ауысқаны тілдік те, тарихи нақты айғақтар арқылы да дәлелденеді. Тарихи тұрғыдан алғанда ескерткіште аталған кіші жүздің *Беріш, Адай, Алшын* тайпаларымен қанаттас тіршілік кешкен тайпалардың бірі *Кердері* екені мәлім. Алшын тайпасының құнқ тектес тайпа екендігі туралы пікір білдірген едік. Сарығ ноғад та құнқ тектес болғандықтан алшындармен қатар қоныстас болған сияқты. Сарығ ноғадтардың қазіргі ұрпақтары **Ноғай** руы құнқ тектес Қоңыраттың құрамында саналады.

Дау тудырып жүрген атаулардың бірі – *Кеңуу Тарман*. Бұның Тарман бөлігі дұрыс оқылған. Ал алдыңғы бөлігі күрделі графема арқылы жазылғандықтан шала танылып, мағынасы түсініксіз болғандықтан Тарман атауына біріктіріліп жіберілген. Сөйтіп оның қай мекенді білдіретіні дүдәмал болып қалған. С.Г.Кляшторный бұны Отырар қаласының атауы деп түсінген. Қазір бұл **Кеңгүү арыс// Кеңгүүеріс** болып оқылып, *қаңға* (қанқ> қаңқ> қаңғ) сөзімен тектес атау болғаны белгілі болды. Бұл *Қаңғ* атауының жіңішке нұсқасы. Бұлардың соңына **-үу, -үү** дауыссыздарының қосылуының себебі мынадан: бұл атауларға **Ғүүз// Гүүз** тайпа аттары қосылып айтылатын болған. Мысалы, **Қаңғ-Ғүүз арыс// Кеңг-Гүүз арыс** болып қолданыла келе, бұлардағы **3** дыбысы қысқарып, *Қаңғуу арыс, Кеңгүүеріс* тұлғасына түскені аңғарылады. Бұл тарихи айғақтар арқылы да нақтыланады. Яғни, *Қаңғ, Ғүүз* тайпалары бір мемлекеттің құрамында өмір сүрген.

Ескерткіштегі Тарман// Тарбан атауы – қытай жазбаларындағы *Даван* атауымен сәйкес топоним. Даван – қытай жазуымен **Р** дыбысы түсіріліп жазылған Ферғана қаласының аты екені мәлім. Сондықтан Тарбанның Ферғана екеніне дау тумауы тиіс. Бұл ескерткіштің өзінде де Темір қақпамен сәйкестіріле аталуымен де дәлелденеді. Жейхун мен Сейхун арасындағы ескерткіште жазылған Ферғана мен Бұқардан басқа осылармен қатар қоныстанған **Самарқант** пен **Қоқан** қалаларының атаулары да жазылғаны ашылды. Аз орынға көп мәлімет сиғызу әдіс-тәсілдеріне қосалқы таңбалар арқылы жазу да жатады. Қосалқы таңбалар негізгі таңбаның қасына әлсіз таңбалану арқылы жасалады. Сондай-ақ күрделі графема да әлсіз таңбалар арқылы

кескінделеді. Самарқант атауының **Семіз кент** деген мағынаны бідіретіні туралы жазбалар жазылып қалғаны белгілі болатын. Сол пікірдің дұрыстығы Күлтегін ескерткішінде де сол сөздің, яғни, «Самарқант сеп-семіз қаласында» деп жазылуы арқылы тағы да түпкілікті дәлелденді. Күлтегіннің ең алғашқы жорығы **Тоғу** қаласына жасалды деп түсінік беріліп жүрген еді. Және осы қате оқылған қаланың қасындағы өзеннің аты да Білге қаған ескерткішінде жаңылыс **Тоғла** болып оқылды. Шындығында ол қала Самарқант қаласы да, өзен қаланың іргесіндегі **Зерафшан** өзені болып шықты. Ескерткіште Күлтегін бір жылда бес рет соғысқа қатысқан, ал Білге қаған осының төртеуінде ғана шайқасқан, біреуіне, нақты айтқанда, үшінші соғысқа қатыспаған. Ал осы бес шайқастың алдында: «Тоғыз оғыз халқы өз халқым еді, Тәңірі-аспан мен жер бүліншілікке ұшыратқандықтан жау болды» дейді. Сөйтіп ары қарай: «Бір жылда бес жолы соғыстық» дейді. Осы баяндаудан бес соғыс та тоғыз оғызға қатысты деген ой туады. Ал тоғыз оғыздың орналасқан жері Өтүкен-Орқұн аймағының солтүстігінде екені ескерткіштерде анық айтылған. Сондықтан бұл соғыстардың бәрі де қазіргі Моңғолия аймағында өткен деген пікір қалыптасқан еді. Қазір ескерткіш мәтінінің дұрыс оқылуына байланысты бұл бес шайқас Моңғолияда емес, Қарлұқ хандығы маңайы мен Қаңлы-оғыз хандығы мен Ферғана, Самарқант, Бұқар, Қоқан қалаларында өткені айқындалды. Біздің Оғұз тайпаларының екі топқа бөлініп айтылғаны туралы алдыңғы пікіріміз қазір толық дәлелденді. Яғни, сегіз оғұз бен тоғыз оғұз бірігіп Моңғолияның солтүстігінде орналасқан, өз алдына жеке хандық құрып, Көк Түрік мемлекетіне қосылмай қарсы шығып жүрген түркілік тайпалар, өздері жеке бөлініп жүретін кіші хандықтар. Екінші топ – Қаңлы мемлекетімен біріккен **Құз Оғұз** тайпалары.

Жоғарыда айтылған Тоқұз Оғұз (КТү 44) деген тіркес қате оқылған жаңылыс тұжырым болды. Шындығында *тоқұз* деген сөздің басқы  $\text{𐰇}$  T<sup>1</sup> деген дыбыс-таңбасының үстіне үстіңгі қиғаш сызығы солға қаратып жазылған  $\text{𐰇}$  A таңбасы орналастырылған. Ал ол T<sup>1</sup> таңбасының үстіңгі  $\text{𐰇}$  бұрыш таңбасымен қосылып  $\text{𐰇}$  PT болып оқылады. Яғни, күрделі графема болып жазылған **ARTT<sup>1</sup>AK<sup>4</sup>Y K<sup>4</sup>Y3 OҒY3** деген тіркестегі **PT** таңбасын оқи алмағандықтан, ол таңбаның мағынасы анықталмағандықтан T<sup>1</sup>OQ<sup>4</sup>Y3 болып оқылған. Оның үстіне В.Томсеннің кезінде күрделі графема болуы мүмкін деген ой олардың есіне кірмеген де болатын. Арттақұ деген сөздің қазақ тілінде

*арттағы* болып өзгергенін тілші-ғалым емес жай тіл тұтынушының өзі де аңғаратыны белгілі жайт. Бұл сөз Қ<sup>4</sup>ҰЗ деген сөзге біріктіріліп оқу үшін әдейі алынған, әйтпесе бұл сөздің орнына *құрығарұ* (кейінде, батыста) сөзі қолданылғаны мәлім.

Ескерткіштегі дау тудырып жүрген сөздердің қатарында **Езгенті Қадаз** деген сөздер де болғаны белгілі. Алдыңғы жарияланымда біз Қадаз сөзі қате оқылған Тараз сөзі шығар деген болжам пікір білдірген едік. Ол кезде қолымызда В.В.Радловтың «Атласы» болмаған-тын. Қазір ол сөздер қате оқылған Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында орналасқан **Өзгент** пен **Қандөз** және **Баршын ана сақанасы** (Көккесене) атаулары жазылған күрделі графема екені анықталды. Осылайша Күлтегіннің бесінші шайқасының да қайда өткені ашылды. Сонымен Күлтегіннің бес шайқасы Тоғыз оғыздармен емес, Қаңлы-оғыз хандығы және Ферғана, Самарқанд, Бұқар, Қоқан қалалары аймағындағы сарт, алшын, сары ноғай, қазіргі кіші жүздің рулары – беріш, адай, кердерілермен болғаны белгілі болды. Біздіңше, Кеңгүерістің құрамында құнқ тектес қазіргі қаңлы руларының түп-тектері, қытай жазбасында *юечжи* аталған, грек жазбаларында *алазон* аталған қазіргі *алшындар* (ала чүз чүнқ// чынқ// құнқ// қынқ), *сары ноғайлар* және басқа да құнқ тайпалары болған деп білеміз. Ал құз оғыздың құрамында қазіргі кіші жүздің құрамындағы тайпалардың ата-тектері болғаны ескерткіштегі жазылып қалған беріш, адай, кердері тайпаларының аттарынан мәлім болады. Қазіргі түркімендерді құраған тайпалар құнқ тектес рулар болғаны мәлім, бірақ олардың қандары парсы тектестермен араласып, қазіргі оғыз тілдес тұқымдардың тууына негіз болған деуге болады.

Көптеген жаңадан оқылып анықталған сөздердің қатарында **арынчы, көк йетім, йаба, йыджырта, джек, джаңқ, мерт, сарт, джұдырта, сыдырта** тәрізді сөздерді келтірсек, бұрынғы қате оқылған сөздерге *йаблақ – йабанлық, йабанчлық, құнчүй – отүкүнчүй, борча – боранча, чықаны – чықанчысы, арқыш-тіркіш – арқартқыш-тіркергкіш* сияқты сөздер жатады. Жаңаша транскрипцияға бұрын түсініксіз болып жүрген *кедім – кідім, тоғсық – тұуғысық, батсық – батысық, таш – тыш, телінмесер – тілінмесер* секілді басқа да түзетулерді атаймыз. Бұрынғы аудармамызда мынадай транскрипциядағы (**ІДІ, ҰҚҰ, АСЫЗ, КӨК ТҮРҮКІ**) тіркес *Ие, ұлы, асыл көк түрігі* болып аударылған еді. Қазір **көк** сөзінің **ұлы** деген мағынасы барлығы ескеріліп, **Ие, ұлы, асыл Көк Түрік** болып

түзетілді. Яғни, Көктүрік дегеніміз **Ұлы Түрік** деген ұғымды білдірген деп түсінеміз.

Орқұн ескерткіштерінде, нақты айтқанда, Күлтегін, Білге қаған, Тойнұққұқ жазбаларында Самарқант, Бұқар аймағында ғұмыр кешкен **соғды** халқы туралы мәлімет келтіріледі. Күлтегін ескерткішінің 31, 39-шы жолдарында **соғдақ**, 52 жолда **соғд** болып жазылған деп есептеледі. Бұл тұжырымды тудырушы ең алғашқы зерттеушілер Тойнұққұқ жазбасында да **соғдақ** болып жазылған деп шешкен. Біздің зерттеуімізде осы ескерткіштердегі С<sup>1</sup>оҒД<sup>1</sup>ы сөзіне қатысты тұстарда жуан **С**<sup>1</sup>- мен басталатын *сарт*, *соғұд*, *Самұурқант*, *сарығ* сөздері оқылатын күрделі графема жазылғаны анықталды. Күрделі графемадан соң жеке таңбалар арқылы **Д**<sup>1</sup>аҚ<sup>1</sup> сөзі жазылғаны анық. Бірақ бұл сөзге *ноғад* сөзі тіркесіп, **Д**<sup>1</sup> таңбасы *ноғад* сөзіне де, *дақ* сөзіне де ортақ оқылатын етіп жазылған. Ал күрделі графема арқылы **сарт-парт**, **соғұд**, **массоғұд** сөздері қатар оқылған деп тұжырымдаймыз. *Сарт* сөзіне қазақ тіліндегідей мағынасы белгісіз, ұйқас сыңар *пұрт*, *парт* сөздері қосылып жазылған. Бұл соған тектестер деген мағынаны білдіретін қос сөзге тән қағида екені қазіргі тілдік заңдылығымыздан белгілі. *Ноғад* және *массоғұд* сөздері Тойнұққұқ ескерткішіндегі жазбада анық бейнеленген. Ондағы күрделі графемада **С**<sup>1</sup> таңбасы **Г**<sup>1</sup> таңбасының оң жағындағы кіші сызыққа байланыстыра сызылған. Ал сөздің басындағы бұрынғы зерттеушілер **С**<sup>1</sup> деп оқыған таңба – мүлде **С**<sup>1</sup> таңбасы емес, **Н**<sup>1</sup> таңбасы. Бұдан кейінгі **О** таңбасы мен **Н**<sup>1</sup> таңбасының жоғарғы ұштары қосылып және араларына жіңішке сызықтар сызылып **М** таңбасы белгіленген. Осы арқылы *сарығ ноғад*, *массоғұд* сөздері айқын оқылды. Ал КТү 31, 39, 52 жолдарында ол таңбалар күрделі графеманың ішінде келгендіктен бұл сөздерді ажыратып оқуға болмас еді. Дәл осы себептен де алғашқы зерттеушілер КТү 52 жолындағы *ноғад* сөзінен кейін келетін **Д**<sup>1</sup>аҚ<sup>1</sup> болып оқылатын таңбаларды ажырата алмаған. Сондай-ақ бұл сөздегі *соғұд*, *массоғұд* сөздері сөздің соңындағы **Д**<sup>1</sup> таңбасына қосылып, бөлек жазылған.

Орқұн күлбіздік жазбаларында жазылған *соғұд*, *массоғұд* ел атауларының Геродот келтірген *скиф*, *массагет* этнонимдерімен сәйкес келуі көңілге ой салады. Грек жазбаларындағы *skitae/ skitha/ skit/ hskit* атауын орыс зерттеушілері **скиф** деп өзгертіп жазғаны туралы белгілі түркітанушы К.Мұсаев (Тюрки Центральной Евразии: контакты языков и культур // «Түркология», 2002, № 1, 15-б.) дәйекті



айғақтар келтіріп талдау жасайды. Онда ғалым **скит** сөзінің **сақ+ыт** сөзінен туғанын дұрыс келтіреді. Яғни, *сақ* негізгі ел атауы болса, (ы)Т дыбысы түркі тіліне тән көптік жалғауы деген тұжырым жасайды. Массажет сөзінің *массақтан* (/бассақ) туғаны жайында, сонымен бірге *сақ* атауына қатысты *туру+сақ/ туруска* (санскрит), *тыс+сақ, апи+сақ/ апасиақ, қай+сақ* сияқты ел есімдерін келтіріп өз пайымдауын ұсынады. Ғалымның *скит* атауының **сақ+ыт** туынды сөзінен өзгергені туралы ойын біз құптаймыз. Мұндағы Т көптік жалғауы сақ атауына жалғанып, түркі тілінің заңдылығы бойынша сол дәуірде дұрыс қолданылған. Ал оны шет елдіктер этноним ретінде қабылдаған. Сақтардың арасында бұл қосымшаға *-лар, -лер (-дар, -дер, -тар, -тер)* көптік жалғауы да үстеле жалғануы да орын алғаны ақиқат, сөйтіп -Т көптік жалғауы бірте-бірте жалғау ретінде қолданыстан шыққан. Сол себептен -Т қосымшасы өзінің бастапқы қызметінен айрылып, *керей+m* (керей+лер), *дөй+m* (дөй+лер) тәрізді этнонимдерде морфонологиялық, қызметсіз бос дыбыстарға айналған. Бұл мысалдағы *дөй* тайпа есімін біз ежелгі грек жазбаларындағы *дай* (<дақ) этнонимінің жіңішке, еріндік нұсқасы деп білеміз. Бұлардың аталуы тұрғысындағы ең ежелгі нұсқасы орқұн ескерткіштерінде жазылған **дақ** нұсқасы екені айқын. Бұл **дах** түрінде қытай жазбаларында жазылып қалғаны Н.Я.Бичурин (Средняя Азия и Восточный Туркестан. Алматы, 1997, 55-б.) еңбегінде келтірілген.

Соғыд этнонимі туралы ең алғаш мәлімет берген парсы патшасы Дарий I екені мәлім. Оған қатысты Накширустам (Тураев Б.А. История древнего Востока. Минск, 2004, С. 544) жазбасында Дарий I- ге бағынышты елдер қатарында *Согдиана, Сарды* елдерінің аттары жазылған. Мұндағы *сарды* елі өзімізге белгілі *сарт* қауымы екені мәлім. Ал *Согдиана* болса, *согды* елі деген мәнді білдіретін ел атауы екені даусыз. Бұл *соғұд* сөзі – жоғарыда айтылған *сақыт* сөзіне, сондай-ақ парсы тілінің дыбыстық заңдылығына сай қалыптасқан сөз. Яғни, түркілік А дыбыстары О- ға өзгертіліп айтылады. Қазіргі өзбек тілі осы заңдылыққа негізделген. Сонда ежелгі парсылар түркілік *сақ* атауын **соқ** деп дыбыстағаны мәлім болады. Қатаң дыбыстарды ұяндатып айту да парсы тілінің заңдылығына жатады. Мысалы, *сарт* атауын ұяндатып **сард** дегенін жоғарыдағы мысалдан көруге болады. Дәл осы тәрізді түркілік **сақыт** этнонимі де парсылық дыбысталуға сәйкес **соғұд** болып айтылғаны күмәнсіз деуге болады. Бұдан сақтардың түркі тілдес халық болғаны, олардың бір бөлігі парсыларға тәуелді болып, олармен қандары араласып будан ел пайда болғаны аңғарылады. Бұл туралы М.Қашқари да олардың қос тілді екенін, түркі тілін жақсы білетінін айтады.